

- Әрқайсың төрт қазықтағы қойды ағытып алсаңдар, еншілерің тепе-тең болады,- дейді қария.

Үш бала қазықтарға қарап, біраз ойланып қалады. Ақырында балалардың ең кенжесі малды аралап келіп, үшінші, алтыншы, жетінші және оныншы қазықта байлаулы тұрған қойларды ағытып, бөлек айдап шығады. Кенжетайыма жиырма алты қой тиді, енді сен екеуің еншілеріңді бөліп алыңдар, - дейді шал өзге екі ұлына.

«Қайсымыз қай-қай қазықтардағы қойларды шешіп алсақ екен?» - деп екі жігіт ойланып қалды.

Бұл екеуі қалған сегіз қазықтағы қойларды қалай бөліп алуы мүмкін?

(«Қырық қазына» кітабынан)

Сөздік:

Қазық – кол

Енші-доля в наследстве

Құтты-счастливый

Қой-овца

Ойлау- думать

Шал-старец, старик

Бөлу-делить

Тең-равный

Тапсырмалар:

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер:

Қарияның неше ұлы болды?

Қария неше қазық қағады?

Қарт адам ұлдарына не дейді?

Кенже ұлы не істейді?

Кенже ұлына неше қой тиеді?

Екі ұлы қалған қойларды қалай бөліп алады?

3-тапсырма. Мәтінге жоспар құрып, мазмұнын айтуға дайындалыңыз.

4-тапсырма. Мәтіндегі етістіктердің шақтарын анықтаңыздар.

5-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді аударып жазыңыздар.

Бір қарияның ер жеткен (три сына) болыпты. Қартайған шағында малын (детям) еншіге бөліп бергісі келген (старик) он екі жерге (вбил колья), бірінші қазыққа (одну овцу), екіншіге – екі қой, (третий) – үш қой, осы (порядке) ең соңғы (двенадцатому) қазыққа он екі қой (привязал).

Сонымен, мәтін-адамдар арасындағы тілдік қатынас, яғни, адам ойын мәтін арқылы жеткізеді, баяндайды. Мәтін-ойлау, хабарлау, қабылдау, баяндау құбылыстарымен тығыз байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын жүйелі тұлға [3].

Қорыта айтқанда «Мәтін – сөйлеу процесінің жеңісі». Ол тілді жүйелі қолданудың барысында ғана пайда болады. ЖОО орыс топтарында мәтінмен жұмыс әдіс түрлері көп. Оқытушының таңдап алған әдістернің оң нәтиже беруі осы әдісті дұрыс қодануға байланысты. Бұл тіл үйренушілердің ақыл-ойын, сөйлеу дағдыларын, шығармашылық қабілетін дамытатындай дәрежеде болуы керек әрі студенттерді үнемі ізденістерге жетелеуі тиіс.

1. Аймауытов Ж. Психология. – А. Рауан.1992

2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М.: Педагогика, 1991.

3. Адамбаева Ж. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы, 1993.

4. Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі.- Алматы, 2000.

5. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Ана тілі, 1996.

\* \* \*

В данной статье рассматриваются методы работы над текстом со студентами вузов. Также даются рекомендации по правильному использованию упражнений.

**Б. А. Қырықбаева**

## СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЗДІК ҚОРЫН БАЙЫТУДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Өзге ұлт өкілдеріне лексиканы оқыту барысында ескерілетін мәселелердің бірі – қазақ тілі сабағында оқытылатын материалдарға (сөз, сөйлем, мәтін) қойылатын талаптарға назар аудару қажет. Олар төмендегідей:

1. Сөздердің актив түрлерінің алынуы;

2. Мәтіннің көлемінің шағындығы;

3. Жұмыс түрлері арасындағы жүйелілік, байланыстылық;

4. Жұмыстардың қызықты түрленуі.

Сөз, сөйлемнен басқа мәтін тілдік тұлға болып есептеледі. Себебі, адам өз ойын сөйлемдер

арқылы жинақтап, оларды мәтіннің көмегімен жеткізеді. Демек, адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыруда мәтіннің алатын орны аса маңызды.

ЖОО-да оқытын студенттерге материалдарды кейбір оқулықтардан кездестіруге болады (Б.Құлмағамбетова, Ш.Бектұров және көптеген т.б.). Көп жағдайда оқытушы сабаққа қажетті мамандық төңірегіндегі мәтіндерді өзі іздестіріп, таңдап алуына, болмаса ғылыми материалдарға сүйеніп, өзі құрастыруына тура келеді. Материалды сұрыптағанда олардың мазмұны студенттердің өміріне жақын, тәрбиелік маңызы зор, күнделікті өмірінде пайдалануға ыңғайлы тақырыптарды қолданған дұрыс. Және көлемі шағын, ал мазмұнының күрделі болмағаны жөн. Бұл ретте С.Әбдіғалиев былай дейді: «Мәтіндердің мазмұны тәрбиелік тұрғыдан құнды болуға, оқушыларды адамгершілік рухта тәрбиелеуге тиіс». [1]

К.Сариева, Ф.Оразбаева, Г.Ауқашева, Г.Алдамбергенова қазақ тілі оқулығына кіріспе сөзінде: «Лексикалық тақырыптар кәсіптік білім алушының өмірімен байланысты танымдық, тәрбиелік адамгершілік мазмұнда болу керек»[2]

Қазақ тілі сабағында оқытылатын материалдарға қойылатын талаптардың ішінде ұсынылатын мәтін көлемінің шағын болуын ескерудің мәні зор. Мәтіннің ішіндегі таныс емес сөздер 2% аспауы керек деген әдістемеде ұсынылған пікірді де назардан тыс қалдырмау қажет. Егер мәтіндегі сөздердің басым көпшілігі жаңа сөздер болса, оны тіл үйренушілер мүлдем түсінбейді, сол себепті сабаққа деген қызығушылықтары төмендеп кетеді.

Мәтінді пайдаланып, сөздік коды байыту барысында жұмыс түрлерінің арасындағы жүйелілік пен байланыстылықты ескерудің маңызы зор екендігін атап өту қажет. Егер жүргізілетін жұмыс түрлерінің арасында ешбір байланыс болмаса, меңгертілетін лексика жадыда берік сақталмайды, сондай-ақ жүйесіз ақпаратты да есте сақтау қиын екендігі белгілі.

Мәтінмен жұмысты түрлендіру студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттырады, белсендіреді. Әсіресе, қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың мүмкіндігі мол. Бұл ретте слайд, кестелер көмекші құрал ғана емес, ол ой қорытудың амалы, жол сілтеушісі екендігін айту қажет.

Сонымен қатар, сабақта пәнаралық байланысты жүзеге асыру—лексиканы оқыту барысында аса бір маңызды міндеттің бірі болып табылады.

Лексикамен жұмыс қазақ тілін оқытуда тіл үйренушілердің сөздік қорын байытумен бірге игерілетін тілдің грамматикалық және стилистикалық аспектілерін меңгеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілінде сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің құралу ережелері, тұрақты және еркін сөз тіркестерін қалай пайдалану қажеттілігінің барлығын да мәтін төңірегіндегі жұмыстар арқылы көрсетуге болады. Осы орайда біз, практикалық қазақ тілі сабағын өткізуде «Қазақ халқының ұлттық аспаптары» атты сабақ жоспарын ұсыдуды жөн көрдік.

Сабақтың тақырыбы: Қазақ халқының ұлттық аспаптары.

Болымсыздық етістік.

Сабақтың мақсаты: а) *білімділік мақсат*: өткен тақырыбы бойынша алған білімдерін байқау, сұрақтарға жауап беру, сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру. Ұлттық аспаптар туралы мәлімет беріп, жаңа сөздерді меңгерту; танымдық қабілетін арттыру.

ә) *дамытушылық мақсат*: студенттердің сөздік қорын дамытып, сөйлеу мәнерін жетілдіру. Ойлау қабілеттерін, қызығушылықтарын, тіл байлықтарын, мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру.

б) *тәрбиелік мақсат*: студенттердің мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру, Отан сүйгіштікке баулу. Ұлт аспаптары тарихымен таныстыру, ұлттық музыка туындыларын орындату арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, сұхбаттасу, ауызекі сөйлеу, жазу.

Пәнаралық байланыс: тарих, музыка.

Сабақтың көрнекілігі: слайд, ұлттық аспаптар, домбыра.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі, мұғалімнің сөзі.

Ұй тапсырмасын сұрау.

1. Музыка сөзінің төркіні қайдан шыққан?
2. Музыканың өмірдегі рөлі қандай?
3. Қазақтың ұлттық музыкасының қандай жанрлары болған?
4. Қандай халық композиторларын білесіздер?
5. Қай композиторлар, әншілер қазақ музыка мәдениетінің өсіп дамуына үлес қосқан?

Мұғалімнің сөзі

*Біз бүгінгі сабағымызда қазақ халқының ұлттық аспаптарымен, олардың тарихымен танысып, мәтінмен жұмыс жасаймыз. Жаңа сөздермен танысамыз. Тақырып бойынша жаңа лексикамен жұмыс істейміз. Сөзжұмбақ шешеміз.*



